

№6-дәріс. Жазба жұмысын жоспарлау әдістері. Тақырып таңдау, ақпарат іздеу, тезис жазу әдістері

Тақырып таңдау

Тақырыпты таңдау барысында пәнге қатысты дәріс тақырыптары мен пәннің оқу бағдарламасында көрсетілген тақырыптарды мұқият қарап шығу қажет. Солардың ішінен қызықтыратын тақырыпты таңдап алуға болады.

Тақырып таңдау барысында ескеретін жайттар:

- Тақырып адамның жеке өміріне қатысты болмауы керек;
- Тақырып тым шағын болмауы керек;
- Тақырып тым кең, көлемді мәселені қамтитын болмауы керек;
- Тақырып бойынша ақпараттар аз болмауы тиіс.

Сонымен қатар тақырыптың құрылымын жазу барысында мынадай қарапайым шарттарды білген жөн:

1) *Түсінікті, шағын және қызықты етіп жазу.* Тақырыптың негізгі мақсаты - жазба жұмысы жөнінде қысқаша, нақты қорытынды беру. Сол себепті, тақырып шағын және түсінуге жеңіл болып жазылуы керек. Тақырыптың құрылымын жазу барысында күделі сөз тіркестері немесе мағынасыз сөздерді қолданбаған жөн. Тақырып күрделі болса, оқырман үшін түсініксіздеу болып кетуі мүмкін. Мысалы: «Теңгенің девальвацияға ұшырауы Қазақстан халқының күнделікті тұрмыс-тіршілігіне едәуір әсерін тигізді». Бұл тақырып түсінікті, дегенмен бұл тақырыпты жинақы етіп былай жазуға болады: «Девальвацияның қазақстандықтардың тұрмысына әсері».

2) *Мағыналы сөздерді қолдану.* Тақырыпта жазба жұмысының түйін сөздері мен зерттеу табиғатын ашатын мағынадағы сөздер қолданылуы керек. Жұмыс жазылатын салада қолданатын терминдер туралы ойланып, оларды тақырыпта қолдануға тырысу қажет. Мысалы: «Теңгенің девальвацияға ұшырауы барысындағы Қазақстан халқының тұрмыс-тіршілігіне едәуір әсері». Бұл тақырыптағы халықтың тұрмыс-тіршілігіне деген тіркесті, «экономикасына» деген бір ғана сөзбен алмастырып, ықшамдалған түрде былайша жазуға болады: «Девальвацияның Қазақстан экономикасына әсері».

3) *Қысқарған сөздер мен жаргондарды қолданбау.* Тақырып құрылымын жазу барысында көпшілікке белгілі БҰҰ, ҚР сияқты қысқарған сөздерді қолдануға болады. Дегенмен жалпыға бірдей таныс емес арнайы салада қолданылатын қысқарған сөздерді қолданбаған абзал. Сонымен қатар жаргондар қолданылмағаны дұрыс, себебі бұл сөздер ғылыми стильге тән емес және оқырманға түсініксіз болуы мүмкін.

Негізінен сәтті таңдалған тақырып мынадай талаптарға сәйкес:

- Мазмұнымен сәйкес келеді;
- Оқырманның қызығушылығын тудырады;
- Жазба жұмысының бағытын байқатады;
- Компьютер арқылы тез тауып алуға мүмкіндік беретіндей түйін сөздер қолданылады;

• Өз саласындағы бір тақырыпта жазылған жұмыстардың тақырыбына ұқсамайды (тақырыбын қайталамайды).

Зерттеу жұмысын бастамас бұрын тақырыптың қай бағыты қызықты екенін айқындап алу керек. Мысалы, «Интернеттің адамдардың қарым-қатынасына тигізетін әсері» деген тақырыпты қарастыралық. Бұл жақсы тақырып, дегенмен тақырып әрі ауқымды. Бұл тақырыпты ықшамдаудың бірден-бір жолы - негізгі сөздерді анықтап алып, оларға қатысты кілт сөздердің тізімдерін жасап шығу. Мәселен:

Қарым-қатынас - бетпе-бет немесе онлайн сөйлесу, әлеуметтік желілердегі достық қатынас.

Интернет - онлайн ойындар, әлеуметтік желілер, ақпараттарға қол жеткізу.

Адамдар - балалар, жасөспірімдер, студенттер, жастар, ересектер, интернетте бес сағаттан артық уақытын өткізетіндер.

Кілт сөздердің тізімін жасап шығу аталған тақырыпты былайша ықшамдауға себеп болды:

«Жастардың достық, қарым-қатынасына әлеуметтік желілердің әсері» немесе «Студенттердің ақпаратқа қол жеткізудегі онлайн қарым-қатынасы».

Тақырыпты ықшамдау тым шағын етіп таңдамау қажет. Тақырып өте шағын болып кетсе, ол жөнінде материалдар табу қиынға соғуы мүмкін.

Тақырып таңдау барысында кейбір студенттер қателіктерге де жиі ұшырасады. Студенттердің тақырып таңдауда жиі жасайтын қателіктері мыналар:

- Тақырыптың ауқымды болуы;
- Тақырыптың өте шағын болуы;
- Тақырыптың қызықсыз болуы;
- Тақырыпта қысқарған сөздердің қолданылуы;
- Тақырып таңдау туралы кеңес сұрамауы;
- Уақытты тиімді қолданбауы.

Аталған кемшіліктерді болдырмай, тақырыпты сәтті таңдау үшін мынадай амалдарды қолдануға болады:

- Ой шақырту амалдарын қолдану;
- Өзі оқи алатын және түсіне алатын әдебиеттерге қатысты тақырып таңдау;
- Тақырып жөнінде материалдар табуға және жаза алатынына сенімді болу;
- Кілт сөздердің тізімін жасап алу;
- Зерттеу тақырыбының сұрағын айқындап алу;
- Өз тақырыбына қатысты еңбектерді көп оқу;
- Негізгі тұжырымдарды анықтап алу.

Зерттеу жұмысының сәтті шығуы және одан жоғары баға алу тақырыпқа қатысты екені белгілі, сол үшін кез келген студент өз тақырыбын дұрыс таңдауға бар күш-жігерін жұмсайды. Студент үшін тақырып туралы қалай ойлануға болады және ол туралы идеяны қайдан табуға болады деген сауал туындауы заңдылық. Сондықтан тақырыпты іздестіру барысында мынадай бағытта жұмыс жасау оң әсерін тигізуі мүмкін:

• *Материал табу:* Пәнге қатысты дәрістер мен оқулықтарды қайта оқып шығу арқылы тың идея туындауы мүмкін;

• *Ой шақырту:* Жалпылама бір тақырыпты алып, карта жасау және оның ішінен өзі жаза алатын тақырып тандап алуға болады;

• *Жаңалықтар:* Хабар, Қазақстан арнасы, Экономика т.б. газет, журналдар арқылы өзі қызықтыратын жаңа тақырыптар табуға болады;

• *Интернет:* Интернеттен кез келген тақырып бойынша көп материал табуға болады, тек оларды орынды қолдана білудің жолдарын білу қажет.

Тақырыпты таңдаған соң оның қаншалықты дұрыс құрылғанын немесе дұрыс тандалғанын мына сұрақтарға жауап беру арқылы айқындауға болады:

• Неліктен бұл тақырыпты таңдадыңыз? Бұл тақырып сізді не үшін қызықтырды? Бұл тақырып туралы пікіріңіз қандай?

• Бұл туралы кім жазған? Кімдер мақала немесе зерттеу жұмысын жариялаған? Бұл тақырыпқа қатысы бар ұйымдар мен кәсіпорындарды білесіз бе?

• Тақырыптың негізгі сұрағы қандай? Тақырып туралы талқыланатын мәселе бар ма? Бұл туралы қарастыратын пікірлер мен ойлар бар ма?

• Тақырып қайда және қай деңгейде (жергілікті, ұлттық немесе халықаралық) қажет болуы мүмкін? Тақырыптың пайда келтіретін арнайы орны немесе саласы бар ма?

• Тақырып қашан маңызды болды немесе қашан маңызды болады? Бұл қазіргі уақытта орын алып отырған жайт па, әлде тарихи оқиға ма? Тақырыбыңызды қазіргі кезде өзекті деп санайсыз ба?

2. Ақпарат іздеу

Қазіргі таңда кез келген тақырыпқа қатысты ақпаратты кітапханадан, интернеттен еш қиындықсыз табуға болады. Дегенмен олардың ішінен студент өзіне қажетті ақпаратты

дұрыс таба білуі және оны қолдана білуі өте маңызды. Бұл студенттің уақытын үнемдеп қана қоймай, жұмысты сәтті жазып шығуына түрткі болады.

Ақпараттарды тауып, жинақтамас бұрын тақырып бойынша осы кезеңге дейін білетін мәліметтер туралы ойлану қажет. Еске түскен немесе ойға келген идеяларды қағазға жазып отырудың пайдасы мол. Сондай-ақ пәнге қатысты оқытылатын тақырыптарды қарастыруға болады. Таңдалған тақырып осы пәнде оқылатын тақырыптарға сәйкес келген жағдайда, тақырып бойынша оқуға берілген әдебиеттерді қарастыру керек. Сонымен қатар тақырыпқа қатысы бар кітаптар мен мақалалардың қолданылған әдебиеттерінің ішінен қажетті мәліметтерін таңдап алуға болады.

Зерттеу жұмысына қажетті материалдарды жинау оңай шаруа емес. Тақырыпқа қатысты материалдарды іздегенде интернет көздерін пайдаланған жөн. Мысалы, Google арқылы Wikipedia сайтына кіріп көп мәлімет табуға болады (ескерту: Wikipedia-ны қолданылған әдебиет ретінде пайдаланбаған дұрыс, себебі мұндағы мәліметтер өзгеріске ұшырап жатады. Сондықтан көп оқушылар бұл сайтқа сілтеме жасаған студенттердің бағасын кемітуі мүмкін). Дегенмен олардың сенімділігіне көз жеткізу керек. Әдетте, жақсы материалдарды жинау үшін мынадай жайттарды ескеру қажет:

Бірінші, зерттеу үшін тақырыпқа қатысты сөздердің немесе тер-миндердің тізбесін жасап алған жөн. Яғни, материалдарды оқу барысында тақырыпқа қатысты сөз тіркестері мен термин сөздер кездесе, оларды жазып алып отыру қажет. Бұл зерттеу жұмысының мәселелерін тез түсінуге себеп болады.

Екінші, тапсырма және зерттеу сұрағы бойынша талап етілетін жайттар туралы ойлану қажет. Көп сайттар рецензияланған мақалалар ұсынады, зерттеу жұмысына осындай сенімді мәліметтерді ғана қолдануға тырысу қажет.

Үшінші, зерттеу жұмысының қолданылған әдебиеттері құнды болатынын ескерген жөн. Google Scholar сияқты академиялық материал іздеу сайттары «сілтеме жасалынған» («cited by») деп, қанша адамның материалдарды қолданғанын көрсетеді. Жұмысқа сілтеменің көп жасалуы, оның құндылығы мен сенімділігінің жоғары екенін байқатады.

Зерттеу материалдарын жинау да зерттеу жұмысы болып саналады. Материалдарды жинау барысында әркім өзі қалыптастырған әдістерді қолдануы мүмкін. Ең бастысы, материалдарды жылдам жинап, оны алдағы зерттеу жұмысына қалай қолдану жағын ойластырған жөн. Дегенмен кейбір мақалалардағы мәліметтер ескі болуы мүмкін. Сондықтан мәліметтің қашан жарияланғаны жөнінде білу маңызды. Негізінен, аталған жайттың барлығы нені зерттеуім қажет деген сұрақтың жауабын білуге тікелей байланысты.

Сонымен, «нені зерттеу қажет?». Зерттеу жұмысын жүргізудің негізгі мақсаттарының бірі - белгілі бір тақырып бойынша көбірек білу және осы тақырыпты жетілдіру жолдарын айқындау. Зерттеу жұмысы әдетте қандай да бір мәселені анықтап, оны шешу жолып қарастырады.

Зерттеу жұмысы зерттеу әдісін қолдану арқылы сауалдың жауабын табу және оны дәлелдеумен тығыз байланысты. Зерттеу белгілі бір мәселе жөнінде кеңінен іздестіру жұмысын жүргізу. Ал зерттеу әдісі - жекелей немесе топ болып мәселені анықтау және оның шешілу жолдарын анықтау. Дәлел - зерттеу арқылы фактілер мен дәйектер жинау.

Зерттеу сұрағын қалай анықтап алуға болады деген сұрақ көп студенттерге қиындық тудырады. Дегенмен оны анықтау аса қиындық тудырмайды. Мәселен, студент күнделікті өмірде өзіне қатысты бір мәселені немесе университеттегі (мектептегі) өзі оқитын топқа байланысты көптеген жағдайдың бірін зерттеу сұрағы етіп алуына болады. Зерттеу сұрағы көзге түскен зат немесе ойға келген идея (мәселен: қайта өңделмей қоқысқа кетіп жатқан қағаз, жолдағы кездейсоқ жағдай, көлік кептелісі, осы кезеңге дейін оқыған зерттеу жұмысы, жеке тәжірибе, кәсіби немесе саяси толғаныс т.б.) болуы мүмкін.

Зерттеу жұмысының ең негізгі үдерісінің бірі - қызығушылық тудырған саланы ықшамдай алу. Қызығушылығына қарай, автор мәселені нақты әрі түсінікті етіп зерттей алатындай сұрақты табуы тиіс. Зерттеу сұрағы анық болған сайын оған жауап беру мен

оны зерттеу үдерісі түсінікті бола түседі. Зерттеу сұрағын құру үшін мынадай қарапайым үдерісті жүзеге асырған дұрыс:

Бірінші, зерттеу саласы: ғылым сан-салалы. Автор өзін қызықтыратын саланы анықтау үшін мынадай қарапайым екі сұрақты қоя алады: 1) Мені не қызықтырады? Бұл сала мені не үшін қызықтырады? Мәселен, Мені Қазақстан экономикасы қызықтырады.

Екінші, зерттеу бағыты: салалардың ішінен қай бағыт қызықтыратынын анықтап алу қажет. Мәселен, Мені Қазақстанның Кеден одағына қосылғаннан кейінгі экономикалық жағдайы қызықтырады.

Үшінші, зерттеу сұрағы: жазба жұмысының негізгі зерттеу сұрағын анықтап алу керек. Мүмкіндік пен уақытты ескере отырып зерттеу сұрағын таңдау қажет. Кейде бір немесе бірнеше, тіпті шағын сұрақтар туындауы мүмкін. Мәселен, Қазақстан экономикасына Кеден одағы қандай пайда әкелді? Кеден одағы экономикамыздың қай саласының дамуына ықпал етті?

Тақырыпқа қатысты ақпараттарды табу зерттеу сұрағы мен зерттеу тақырыбын таңдауға және зерттеу жоспарын құрып, оны жүзеге асыру үдерісіне көшуге мүмкіндік береді. Ақпараттардың сенімділігіне көз жеткізіп болған соң, оларды синтез немесе анализ жасау арқылы қолдану жолдарын қарастыруға болады. Ақпараттарды дереккөз ретінде пайдалану және қолданылғын әдебиеттер тізімін де дұрыс безендіру үшін қай жерден алынғанын арнайы жеке қағазға мұқият жазып отыру қажет.

3.Тезис жазу

Баяндамашы тақырып жөніндегі ойын түйіндеп, пікірталасты қорытындалау үшін түйінді пікірін білдіреді. Академиялық жазылымда мұны тезис деп атайды. Тезис эссе мен зерттеу мақалаларында кеңінен қолданылады. Аргументтік, салыстырмалы және ақпараттық сияқты эссе түрлерінің барлығына да тезис жазуға тура келеді. Себебі тезиссіз жұмыстың тақырыптық ұстанымы нақты болмай, автордың негізгі мақсаты анық көрінбей қалады.

Тезисті қалай жазу керегін түсіну немесе білу жазба жұмысын бастаудың алғашқы қадамын білумен тең. Өйткені ол тұтас мәтіннің қай бағытта және қандай мақсатта жазылатынын ықшамдап көрсетеді.

Батыс елдерінің жоғары оқу орындарында соңғы курста жазылған дипломдық жұмысты көбіне «тезис» («thesis») деп атайды. Жазба жұмысының бұл түрі көлемді зерттеу жұмысының бірі болып саналады және оны жазу бір жылға жуық уақытты талап етуі мүмкін. Ал біздің қарастыратынымыз - шағын эсселер мен зерттеу жұмыстарында бір не бірнеше сөйлеммен берілетін автордың пікірі, яғни тезис автордың жеке-дара көзқарасы, ұстанымы болып саналады және жазылым барысында осы пікірін дәлелдеп, аргументтер мен фактілер қолдану арқылы нақтылайды. Осыған байланысты жазба жұмысындағы өз ұстанымының дұрыс екеніне оқырманын сендіруге тырысады.

Тезис жазба жұмысының негізгі идеясы ретінде бір немесе екі сөйлемнен ғана құралады. Оны өз алдына жеке жазудың қажеті жоқ. Эссенің тезисі кіріспе бөлімінде, көбіне соңғы сөйлемі ретінде жазылады (бірақ, кіріспе бөлімінің соңғы сөйлемі тезис болуы міндетті емес). Өйткені бұл сөйлем арқылы автор оқырманға нені баяндағысы келіп тұрғанын жеткізеді.

Тезис оқырман назарын өзіне тартып әкететіндей жазылуы керек. Ол үшін тезис пікірталас туындататындай болғаны жөн.

Академиялық жазылым негіздері

Керісінше, тезистегі пікір ешқандай пікірталас тудырмай, ол оймен барлық адам келісетін болса, тезис әлсіз құрылған деп есептеледі. Мысалы: Қазіргі кезде банктен несие алу өте оңай, себебі несие алушының несиелік тарихы мен жеке басын куәлендіретін құжаттары болса жеткілікті. Мұндағы пікір көпшілікке белгілі әрі ешқандай күмән тудырмайды.

Кез келген адам жазба жұмысын белгілі бір себепсіз оқымайтыны белгілі. Сондықтан тезис автор үшін оқырманның оқуына себеп болатындай негізді қысқаша

көрсетудің мүмкіндігі болып саналады. Тезисте автор қозғалатын мәселесінің маңызы мен аргументтерін тиянақты беруге тиіс. Ол барынша қызығушылықты тудырып, мәтінді оқыған оқырман өзгелерге де тарататындай (өзгелердің оқуы үшін кеңес беруге) болғаны жөн.

Эссенің түрлеріне байланысты, тезистің түрлері де *дәлелді және хабарламалық тезис* болып бөлінеді. Бірақ олар эссенің мақсаты мен құрылымына сәйкес келуі қажет. Мәселен, аргументтік, дәлелдемелік, салыстыру және кереғар эсселердің тезисі әртүрлі пікірталас туындататындай жайттар барысында автордың өз ұстанымын нақты тұжырым ретінде беруге бағытталады. Яғни, автор өз пікірінің дұрыстығына оқырманын сендіргісі келеді. Әдетте, мұндай дәлелді тезис мазмұндық құрамы жағынан пікір мен оның рас екендігін көрсететін негізден құралады. Мысалы: Кәсіпкерлікті несие алып бастаған дұрыс, себебі алғашқы қаржының болуы бизнесті тез жолға қоюға ықпал етеді әрі Қазақстан банктерінде кәсіпкерлікпен айналысу үшін пайызы аз несие түрлері қарастырылған.

Берілген *дәлелді тезисте* автор ұстанымы анық көрсетілген, яғни автор кәсіпкерлікпен айналысу үшін несие алу қажет деген пікірді қолдайды. Сөйлемнің екінші бөлімінде неліктен бұл пікірдің дұрыс екенін дәлелдеуге тырысады. Мұндай тезис түрі пікір эссе, дәлелдемелік, салыстыру және кереғар және т.б. эсселерде жазылады.

Ал ақпараттық және сипаттамалық эссені жазу барысында *хабарламалық тезис* қолданылады. Мысалы: Несие алу үшін банкке өткізетін тиісті құжаттардың тізімін алып, қай банктің қандай пайызбен несие беретінін білу қажет.

Тезистің құрылымы эссе құрылымына тікелей тәуелді. Мәселен, бес параграфтан тұратын шағын эссенің тезисінде үш ой айтылады.

Ондағы үш ой негізгі бөлімдегі үш параграфтың жазылуына арқау болса, қалған екі параграф кіріспе мен қорытынды бөлімге арналады. Мысалы: «Абай жолы» романы қазақ әдебиеті үшін шоқтығы анық шығарма, себебі шығарма көркемдік жағынан өте шебер жазылған (бірінші ой), онда қазақтың мәдениеті кеңінен сипатталған (екінші ой) және ұлы Абай образы анық сомдалған (үшінші ой).

Бұл дәлелді тезисте автор өзінің неліктен «Абай жолы» шығармасын үздік деп есептейтіні жөнінде үш негізді анық көрсетеді. Ол эссенің негізгі бөліміндегі үш параграфтың мазмұнында қамтылуы тиіс.

Дегенмен жоғары оқу орындарында бес параграфтан тұратын жазба жұмысын жиі талап етпейді, яғни көлемді жазба жұмыстар сұралады. Ал көлемдірек жұмыстардың тезисі мағыналық жағынан кеңірек болып келеді. Мұндай тезистерде жазылатын ой жеке-жеке көрсетілмей, жинақталып беріледі. Мысалы: «Қанмен Тер» трилогиясының сюжеттік арқауы - кекті тартыс, себебі бұл кітаптың («Ымырт», «Сергелдең», «Күйреу») барлығында да басты кейіпкердің әрекеті осыны аңғартады.

Тезисті жазу үдерісі біршама ойлануды талап етеді. Дегенмен ондағы ықшамдалған тұжырым арқылы барлық жазба жұмысының мақсатын айқындап беруге болады. Бұл жұмыстың жазылу мақсатын және аргументін нақтылаумен қатар, оқырманның қызығушылығын оятуға септігін тиізеді.

Өзін-өзі тексеруге арналған сұрақтар:

1. Тақырып дегеніміз не?
2. Эссе тақырыбының мақсаты қандай?
3. Зерттеу жұмысының сәтті шығуы неліктен тақырыпқа тікелей байланысты?
4. Тақырыптың құрылымына мән беру қажет пе? Неліктен?
5. Тақырып таңдау барысында қандай қателіктер орын алуы мүмкін?
6. Тақырыптың құрылымын жазу барысында қандай қарапайым шарттарды білген дұрыс?
7. Таңдалған тақырыптың дұрыс немесе бұрыс таңдалғанын қалай тексеруге болады?

Оқытудың техникалық құралдары: слайдтар, презентациялар, электронды оқулық.

Әдебиеттер тізімі:

Негізгі:

1. Оспанов Е.Т. Академиялық жазылым негіздері. Оқу құралы. Алматы: «Білім» баспасы, 2020. -340 б.
2. Баяхметова А.А., Дусенбина М.Ж.. Академическое письмо. Язык и стиль академического письма. Учебное пособие.–Костанай: КГУ имени А.Байтурсынова, 2019. - 106 с.
3. Академическое письмо для историков: учебное пособие для студентов, обучающихся по программе магистратуры по направлению подготовки 46.04.01 «История» / Ю. Е. Бут.– Екатеринбург: Издательский отдел УрГПУ, 2019 – 224 с.
4. Қазақстан білім зерттеушілерінің әдеп кодексі. 1-і басылым. Нұр-Сұлтан: Білім беру саласындағы зерттеушілердің қазақстандық қоғамы, 2020. -68 б.
5. Грофф Джеральд. Как писать убедительно: искусство аргументации в научных и научно-популярных работах: пер. с. Англ. –М.: Альпина Паблишер, 2014. -250 с.
6. Имангулова Т.В., Губаренко А.В., Абдикаримова М.Н. Методика научно-исследовательской работы в туризме. Учебное пособие. А.: КазАСТ, 2021. -164 с.
7. Айешова Г.А. Основы научно-исследовательской работы: учебное пособие, 2019.

Қосымша:

1. Петрякова А.Г. Культура речи [Текст]: уч. пос. / А.Г. Петрякова.–М.: Флинта, 2016.–488 с.
2. Дусенко А.Г. Современный туризм: актуальные проблемы и перспективы. М.: РТУФКСМиТ, 2017. -238 с.
3. Комлева Ю. Е. Изъяны габсбургской политики идентичности: «книги для чтения» в италияязычных школах Триеста // Известия Уральского федерального университета. Серия 2: Гуманитарные науки. 2015. № 1 (136). С. 144.
4. Пример взят из: Nagy P. T. The Problem of the Confessional Recruitment of the Students at the Faculties of the Humanities and Science of the Transylvanian University // Historical Social Research. 2008. Vol. 33. No 2. P. 142.
5. Имангулова Т.В., Прокофьева М.А. Терминологический словарь научно-исследовательской деятельности в туризме: учебное пособие. А.: КазАСТ, 2016. -60 с.
6. Закирьянов Б.К., Абдикаримова М.Н. Инновационные направления развития туризма и гостеприимства в современной России/ коллективная монография. М.: РУСАЙНС, 2019. - 232 с.
7. Добрынина О. Л. Пропедевтика ошибок при написании англоязычной авторской аннотации к научной статье // Высшее образование в России. 2015. № 7. С. 42-50.
8. Hartley J. Academic Writing and Publishing: a practical handbook. London: Routledge, 2008. P. 118-119.
9. Наука: день сегодняшний, завтрашний: научно-популярный сборник. Алматы: Ассоциация вузов РК. -2017. -128 с.
10. Морозов М.А. Информационные технологии в туристской индустрии: учебник. М.: КНОРУС, 2019. -276 с.
11. Гаврилов М.В. Научная работа: методика и практика: учебное пособие. –Саратов: МарК (Лохнев Ю.В.), 2014. -228 с.

WEB Сайттар тізімі:

1. Научная электронная библиотека. - [http:// elibrary.ru](http://elibrary.ru)
2. Международный выставочный портал.- <http://www.expoclub.ru>